

Әкімшілік жаза

1. *Әкімшілік жазаның ұғымы, мақсаты*
2. *Әкімшілік жазаның түрлері*
3. *Негізгі және қосымша жазалар*
4. *Әкімшілік жаза қолдану тәртібі*
5. *Әкімшілік жазадан босату негіздері*

Әкімшілік жазаның ұзымы, мақсаты

Әкімшілік жаза – уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады.

Әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Әкімшілік жаза түрлері

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу

әкімшілік айыппұл

арнайы құқықтан айыру



әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу

заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу

қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу



рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау

әкімшілік қамаққа алу

ескерту жасау

Негізгі әкімшілік жазалар

ескерту жасау

әкімшілік айыппұл

әкімшілік қамаққа алу

Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылатын жазалар

*арнайы құқықтан
айыру*

*рұқсаттан айыру не
оның қолданылуын
тоқтата тұру*

тізілімнен алып тастау

*қызметті немесе оның
әкелеген түрлерін тоқтата
тұру немесе оған тыйым салу*

*шетелдіктерді немесе
азаматтығы жоқ адамдарды
Қазақстан Республикасының
шегінен әкімшілік жолмен
шығарып жіберу*

Қосымша әкімшілік жазалар

тәркілеу

*заңсыз тұрғызылып жатқан не
тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу*

Ескерту жасау



уәкілеттік берілген орган
(лауазымды адам) шығарады



жасалған құқық бұзушылыққа ресми
түрде теріс баға береді



тұлғаны құқыққа қарсы мінез-
құлыққа жол беруге болмайтындығы
туралы сақтандырады



жазбаша нысанда болады

Әкімшілік айыппұл – әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу.

Айыппұл мөлшері

Жеке тұлғаға салынатын айыппұлдың мөлшерін бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды

Лауазымды адамға, жекеше нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға салынатын айыппұлдың мөлшерін жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне салынатын айыппұлдың мөлшерін бір мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды

Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне салынатын айыппұлдың мөлшерін екі мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды

Арнайы құқықтан айыру

арнайы құқықтан айыруды
судья қолданады

арнайы құқықтан айыру
мерзімі бір айдан кем
болмауға және екі жылдан
аспауға тиіс

көлік құралдарын басқару
құқығынан айыру мерзімі
алты айдан кем болмауға
және он жылдан аспауға тиіс

көлік құралдарын басқару құқығынан
айыруды, масаң күйді куәландырудан
жалтару, жол-көлік оқиғасы болған
жерден кетіп қалу жағдайларын
қоспағанда, көлікті мүгедектігіне
байланысты пайдаланатын
адамдарға қолданылмайды

аң аулау, балық аулау құқығынан, аң
аулау қаруын сақтау мен пайдалану
тәртібін үнемі бұзуды қоспағанда,
аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің
негізгі болып табылатын адамдарға
қолданылмайды

Рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау



*рұқсаттан
айыруды судья
қолданады*



*Қазақстан
Республикасының
Ұлттық Банкі жүзеге
асырады*



*Уәкілетті орган
жүзеге асырады*



*рұқсаттың қолданылуын
тоқтата тұру алты айға
дейінгі мерзімге белгіленеді*

Әкімшілік қамаққа алу - отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді

Әкімшілік қамаққа алу қолданылмайды:

- жүкті әйелдерге және 4 жасқа дейінгі баласы бар әйелдерге;*
- 18 жасқа толмаған адамдарға;*
- I және II топтағы мүгедектерге;*
- 58 жастан асқан әйелдер мен 63 жастан асқан еркектерге болмайды.*

Әкімшілік ұстап алу мерзімі әкімшілік қамаққа алу мерзіміне қосылады

Әкімшілік жаза қолдану тәртібі

- Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген шекте қолданылады
- Әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келетін болуға тиіс

Әкімшілік жаза қолдану тәртібі

- Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.
- Заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі

Әкімшілік жаза қолдану тәртібі

- Әкімшілік жаза қолдану адамды, орындамағаны үшін көрсетілген жаза қолданылған міндеттерді орындаудан, жол берілген бұзушылықтарды жоюдан және залалды өтеуден босатпайды
- Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі не негізгі және қосымша әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін

Әкімшілік жазадан босату негіздері



*ескіру мерзімінің
өтуіне
байланысты*

*рақымшылық
жасау актісі
негізінде*

*тараптардың
татуласуына
байланысты*